

Аудандық мәслихаттың кейбір шешімдеріне өзгерістер енгізу туралы

Күшін жойған

Қарағанды облысы Шет аудандық мәслихатының 2011 жылғы 3 маусымдағы N 32/331 шешімі. Қарағанды облысы Шет ауданының Әділет басқармасында 2011 жылғы 4 шілдеде N 8-17-121 тіркелді. Күші жойылды - Қарағанды облысы Шет аудандық мәслихатының 2012 жылғы 26 маусымдағы N 4/51 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Қарағанды облысы Шет аудандық мәслихатының 2012.06.26 N 4/51 шешімімен.

Р Қ А О е с к е р т п е с і .

Мәтінде авторлық орфография және пунктуация сақталған.

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңына сәйкес Шет аудандық мәслихаты **ШЕШІМ ЕТТІ:**

1. Шет аудандық мәслихатының кейбір шешімдеріне осы шешімнің қосымшасына сәйкес өзгерістер енгізілсін.

2. Осы шешім алғаш ресми жарияланғаннан кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Сессия төрағасы

Б. Смағұлов

Мәслихат хатшысы

Р. Мақсұтов

Ш е т а у д а н д ы қ м ә с л и х а т ы н ы ң
2 0 1 1 ж ы л ғ ы 0 3 м а у с ы м д а ғ ы
№ 3 2 / 3 3 1 ш е ш і м і н е
қосымша

Шет аудандық мәслихатының кейбір шешімдеріне өзгерістердің тізбесі

Шет аудандық мәслихатының келесі шешімдеріне өзгерістер енгізілсін:

1. Шет аудандық мәслихатының 2010 жылғы 23 желтоқсандағы XXVIII сессиясының N 28/293 "Шет ауданының елді мекендерін көркейту және абаттандыру Ережесін бекіту туралы" шешіміне (Нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеудің тізіліміне N 8-17-115 болып енгізілген, "Шет Шұғыласы" аудандық газетінің 2011 жылғы 24 наурыздағы N 12 (10.321) санында жарияланған) келесі өзгерістер:

1) шешімнің тақырыбы келесі редакцияда мазмұндалсын:
"Шет ауданының елді мекендерін көріктендіру Ережесін бекіту туралы";

2) 1 тармақ келесі редакцияда мазмұндалсын:

"1. Қоса беріліп отырған Шет ауданының елді мекендерін көріктендіру Ережесі бекітілсін." ;

3) көрсетілген шешіммен бекітілген, Шет ауданының елді мекендерін көркейту және абаттандыру Ережесінде: тақырыбы келесі редакцияда мазмұндалсын:

"Шет ауданының елді мекендерін көріктендіру Ережесі";

"Ереженің негізгі міндеттері" және "Ереженің мақсаттары" тараулары алынып т а с т а л с ы н .

2. Шет аудандық мәслихатының 2010 жылғы 23 желтоқсандағы XXVIII сессиясының N 28/295 "2011 жылға жер салығының базалық ставкаларын төмендетіп және жоғарылатып бекіту туралы" шешіміне (Нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеудің тізіліміне N 8-17-114 болып енгізілген, "Шет Шұғыласы" аудандық газетінің 2011 жылғы 16 ақпандағы N 08 (10.316) санында жарияланған) келесі өзгерістер:

1) шешімнің 2 тармағы алынып тасталсын;

2) көрсетілген шешімге 1 қосымшаның 6 тармағы алынып тасталсын.

3. Шет аудандық мәслихатының 2010 жылғы 23 желтоқсандағы XXVIII сессиясының N 28/297 "Шет ауданы бойынша тұрғын үй көмегін көрсету ережесін бекіту туралы" шешіміне (Нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеудің тізіліміне N 8-17-113 болып енгізілген, "Шет Шұғыласы" аудандық газетінің 2011 жылғы 24 ақпандағы N 09 (10.317) санында жарияланған) келесі өзгерістер:

көрсетілген шешіммен бекітілген Шет ауданы бойынша тұрғын үй көмегін көрсету Ережесінде 6 тармақтың 2) және 3) тармақшалары алынып тасталсын.